«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тасыбаева Сауле Кенесбаевнаның «Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сотпен қорғау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Диссертация жұмысы еңбек құқығы саласындағы өзекті тақырыптардың бірі - Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сотпен қорғау мәселелерін зерттеуге арналған. Зерттеуде азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаумен байланысты дауларды қарастырудан туындайтын сот тәжірибесі және ғылыми-теориялық докториналарының ережелері жан-жақты талданады. Зерттеу қолданыстағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, еңбек дауларын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге барлық өзгерістер мен толықтыруларды және өзге де алыс-жақын елдердің заңнамасын қоса алғанда оны қолдану практикасы негізінде жан-жақты зерттелген.

Зерттеу тақырыбының өзге ғылыми зерттеулерден айшықтайтын ерекшелігі, қазіргі таңда еңбек қатынастары саласында қабылданып жатқан нормативтік құқықтық актілер жүйесі сапасының едәуір жақсарғанына қарамастан, кемшіліктердің әсіресе, экономикалық тұрақсыздық салдарынан жұмыссыздықтың көбеюі немесе жұмыстан қысқартылу, жалақының уақытылы төленбеуі және еңбек қатынастары тараптарының мүдделерінің қайшы келуі, азаматтардың еңбек құқықтарының жиі бұзылуы жағдайларының жиі орын алуынан көрініс табады.

Ізденуші азаматтардың еңбек құқықтарының бұзылуының оның ішінде сотпен қарау барысында орын алып жатырған кемшіліктерді ашып көрсетеді.

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға конституциялық құқығын жүзеге асыру кепілдіктеріне байланысты, сот нысаны қорғаудың басқа нысандарына қарағанда басымдыққа ие.

Ізденуші біріншіден, азаматтардың еңбек құқықтарын тиімді қорғауға қатысты, яғни, іске қатысты маңызы бар мән-жайлар толық емес және дәлелдеу пәні дұрыс анықталмауы, ұқсас істерді шешу бойынша бірыңғай ұстанымның болмауы, еңбек заңнамасы нормаларына түсіндірмеде бірізділіктің болмауының салдарынан сот жүйесінде олқылықтардың орын алатындығын, екіншіден, істі қарауда соттардың еңбек құқығының (талап арыз беру мерзімі, еңбек дауларының соттылығы және т.б.) нормалары дауларды қарау кезінде қолданылмайтындығын және көп жағдайда судьялар дауларды шешу барысында азаматтық-құқықтық қатынастарға сүйенетіндігін, үшіншіден, 1- сатыдағы шығарылған сот шешімдерінің сапасына қатысты, сот актілерінде мәлімделген талаптар бойынша уәждеу немесе нақты соттың тұжырымдасы жоқ екендігін алға тарта отырып, диссертант өз тарапынан

және еңбек қатынастарын реттейтін органдардың, судьялардың жүйелі түрде біліктіліктерін арттыруды енгізуді қажет деп таниды.

Азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау, юрисдикциялық қорғаудың нысаны ретінде, ең алдымен, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын тану, азаматтардың еңбек құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік қорғауға кепілдік беру, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін мемлекет органдарының тиімді жұмыс істеуі, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың негізгі ауыртпалығын мемлекеттік органдарға жүктеу сияқты бірқатар іргелі принциптерге негізделуі қажет.

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау мәселелері сәйкесінше заңнамалық реттеуді, яғни, әлі де Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаумен байланысты нормалармен толықтыруды, ұжымдық шарттарды немесе жұмыс берушінің локальді актілерін қабылдауды қажет етеді.

Жұмыс кіріспе мен қорытындымен қатар, азаматтардың еңбек құқықтарын сот арқылы қорғаудың тиімділігін арттыруға негізделген азаматтардың еңбек құқықтарын құқықтық қорғау, еңбек дауларын сотта қараудың ерекшеліктері, еңбек дауларының кейбір санаттарын қараудың ерекшеліктерін зерделеуге арналған үш тарауды қамтиды. Қорытынды бөлімде Қазақстан Республикасындағы еңбек дауларын шешудің тиімді процессуалдық-құқықтық механизмін қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар берілді.

Диссертациялық зерттеудің құндылығы мынада : зерттеу мемлекеттік тілде сауатты, ұғынықты түрде жазылған. Халықаралық рецензияланатын импакт-факторы бар журналдарда басылған шетелдік заңгер ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасалған. Ізденуші сот тәжірибесі мен ғылым көзқарастарға сүйене отырып, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды және оны қалпына келтіруді, әлеуметтік кепілдіктердің ең төменгі деңгейінің кепілдіктерін қамтамасыз ете алатын еңбек даулары бойынша сот ісін жүргізуде, жалпы юрисдикция жүйесінде еңбек даулары бойынша сот рәсімдерінің тиімділігін арттыру мәселелерін жан-жақты зерделеген. Зерттеу азаматтардың еңбек құқықтарын сотпен қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз бола алатын кешенді зерттелген ғылыми еңбек болып табылады.

Диссертация жоғары деңгейде жазылған және зерттеу тақырыбы жаңашылдығымен, теориялық және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді. Жұмыс логикалық және дәйекті құрылымға ие, бұл азаматтардың еңбек құқықтарын сотпен қорғау мәселелерін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Жұмыстың жазылуының теориялық деңгейі тілінің тазалығы, жазу дағдылары, толықтығы, нақтылығы, қорғауға ұсынылып отырған ұсыныстарының жаңашылдығы зерттеудің маңыздылығының жоғары екендігін білдіреді.

Ізденуші Сауле Кенесбаевна Тасыбаеваның диссертациялық жұмысы ұлттық еңбек құқығын дамытудағы, сот практикасын жетілдіру аясындағы алғашқы жаңашыл теориялық-практикалық еңбек болып табылады.

Қорыта келе, Сауле Кенесбаевна Тасыбаеваның «Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын сотпен қорғау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы белгіленген талаптарға сәйкес жоғары деңгейде жазылған және де сапалы орындалған зерттеу деп бағаланады, аталған диссертациялық жұмысты «6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жария қорғауға жіберуге лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:
Қонаев университетінің ректоры
заң ғылымдарының докторы, доцент **Ж.Ө. Өмірәлі**

З.Ғ.Д., доцент м.о. Омірәлінің қолы растайды,
ЖТБ басш. Сауленбаева